

Шымкент қаласында қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Шымкент қалалық мәслихатының 2019 жылғы 29 наурыздағы № 47/383-6с шешімі. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2019 жылғы 12 сәуірде № 34 болып тіркелді. Күші жойылды -Шымкент қаласы мәслихатының 2022 жылғы 25 қарашадағы № 22/211-VII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шымкент қаласы мәслихатының 25.11.2022 № 22/211-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының бабының 2-2-тармағына сәйкес, Шымкент қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған Шымкент қаласында қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидасы бекітілсін.

2. "Шымкент қаласы мәслихаты аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңдамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы-Шымкент аймақтық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін Шымкент қаласында тарапатын мерзімді баспасөз басылымдарына жіберуді;

4) ресми жарияланған кейін осы шешімді Шымкент қаласы мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласы

мәслихаты сессиясының төрағасы

M. Битеміров

Шымкент қаласында қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Шымкент қаласында қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидалары (бұдан әрі – Қағида) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-2 тармағына сәйкес әзірленді. Қағидада қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою тәртібі айқындалады, сондай-ақ қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау жұмыстарына қойылатын талаптарды (ветеринариялық, санитариялық-гигиеналық, техникалық) белгілейді.

2. Қағидада мынадай ұфымдар пайдаланылады:

1) қаңғыбас жануарды заарсыздандыру (пішу) – хирургиялық жолмен жануарды түқым көбейту қабілетінен (өнімділік қабілеттілігінен) айыру.

2) қаңғыбас жануарлар – адамға қауіпті аурулармен ауыратын, топталып жүретін жабайы иттер мен мысықтар. Қаңғыбас жануарлардың қарғы, қарғы бауы, микрочиптер, таңба, бирка және иесінің байланыс нөмірі жазылған жетондар тәрізді әлдебіреуге тиесілі екенін білдіретін танымдық белгілері болмайды;

3) қараусыз қалған жануарлар – иелерін анықтау мүмкін емес иттер мен мысықтар; иесінен қашып кеткен және иесінің немесе ілесіп жүретін адамның (серуендетуші) тарапынан қараусыз жүрген жануар;

4) ұйым – жануарларға жүқпалы ауруларға қарсы екпе жүргізуі жүзеге асыратын және қаңғыбас жануарларды аулаумен айналысатын жергілікті атқарушы орган құрған ұйым;

2-тaraу. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау тәртібі

3. "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4-тармағына сәйкес құрылған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар (бұдан әрі – Ұйымдар) қаңғыбас жануарларды аулауды, тасымалдауды, уақытша ұстауды және жоюды жүзеге асырады.

**Ескерту. 3-тармақ орыс тілінде жана редакцияда, қазақ тіліндегі мәтіні
өзгермейді - Шымкент қаласы мәслихатының 14.09.2020 № 69/633-6с шешімімен**

(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау, жергілікті атқарушы органымен келісіліп Ұйым басшысымен бекітілген кестесі бойынша, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың өтініштері арқылы жүзеге асырылады. Өтініштер журналда тіркеліп, мыналар көрсетіледі:

1) аулау себебі;

2 өтініш беруші туралы мәліметтер (азаматтың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), заңды тұлғаның атауы, өкілдің аты, тегі, әкесінің аты (болған жағдайда), мекен-жайы, байланыс телефоны);

3) жануардың түрі;

4) жануардың мекендеу ортасы (мекен-жайы және мекен-жайының толық сипаттамасы);

5) жануардың сипаттамасы;

6) аулаудың себебі туралы ақпарат (қауып алу, қозғалмай агрессия)

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - Шымкент қаласы мәслихатының 14.09.2020 № 69/633-6с шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау жұмысына медициналық тексеруден өткен, құтыруға қарсы алдын алу екпелерін (вакцинация) алған, психоневрологиялық және наркологиялық диспансерлерде есепте тұрмайтын адамдарға рұқсат етіледі.

6. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау үшін рұқсат етілген құралдар қолданылады.

Рұқсат етілген аулау құралдарына:

тиісті сертификаты бар, әрекетке қабілетсіз ететін, дозаланған препараттарды қолданатын пневматикалық қару;

торлар;

топ-қақпандар;

сондай-ақ жануарларды өлтірмейтін басқа да құралдар және құрылғылар жатады.

7. Қоғамдық орындарда (көшелерде, аула аумақтарында, саябақтарда, гүлзарларда) байлауда қалдырылған және чипі бар жануарлардан басқа, ілесіп жүретін адамның қарауынсыз жүрген, қаңғыбас және қараусыз жануарлар ауланады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Шымкент қаласы мәслихатының 14.09.2020 № 69/633-6с шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау қызметін іске асыру кезінде Ұйым мамандарының куәліктері болуы тиіс, олар азаматтардың талабы бойынша көрсетіледі.

9. Ауланған қаңғыбас жануарлар иесіне берілгенше не үшінші тұлғаға беру сәтіне дейін уақытша ұсталынатын оқшаулағышқа жеткізіліп, онда 3 күн ұсталады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Шымкент қаласы мәслихатының 14.09.2020 № 69/633-бс шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10. Ауланған қаңғыбас иттер мен мысықтарды жеткізу үшін арнайы көлік құралдары қолданылады.

11. Тасымалдауға арналған арнайы автокөлік аулау кезінде зардап шеккен жануарларға шұғыл жәрдем көрсету үшін ветеринариялық құралдар жиынтығымен толықтырылады, табиғи желдетуі мен жабдықталады.

Сондай-ақ, тасымалдау техникалық ақаусыз, арнайы металл торлармен жабдықталған, Ұйымдардың белгісі мен телефон нөмірі бар автокөлікпен жүргізіледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - Шымкент қаласы мәслихатының 14.09.2020 № 69/633-бс шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12. Ауланған қаңғыбас иттер мен мысықтарды жануарлардың өлексесімен бірге тасымалдауға жол берілмейді.

13. Ауланған қаңғыбас жануарларды тасымалдау ит немесе мысыққа олардың денсаулығына жарақат немесе басқа да зиян келтірмейтін әдістермен жүргізіледі.

14. Ұйымдар әрбір ауланған қаңғыбас жануар туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында қаңғыбас жануарды аулаған күні және ұйымның байланыс деректері, ауланған жануар туралы ақпарат (сипаттамасы), сондай-ақ ауланған жануарлардың фото суретін орналастырады. Ақпарат сайтта 3 күн сақталады.".;

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - Шымкент қаласы мәслихатының 14.09.2020 № 69/633-бс шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

15. Күнделікті жұмыс аяқталғаннан кейін арнайы автокөліктің шанағына, сондай-ақ барлық құралдар мен металл торларға санитариялық тазалау және заарсыздандыру жүргізіледі.

16. Ауланған қаңғыбас жануарлар уақытша ұстай оқшаулағышына орналастырылады.

17. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды тіркеу, ұстай, тамақтандыру, тексеру, жою шараларын, сондай-ақ уақытша оқшаулағышты қажетті керек-жарақпен қамтамасыз етуді ұйым жүзеге асырады.

18. Уақытша ұстай оқшаулағышында ауланған қаңғыбас жануарларға клиникалық зерттеу және тіркеу жүргізіледі.

19. Уақытша ұстай оқшаулағышы металл торлармен және иттерге арналған үйшікпен жабдықталады.

20. Ауланған қаңғыбас жануарларға қажетті күтім жасалады және тамақтандырылады, торларды күнделікті механикалық тазалау және заарсыздандыру жүргізіледі.

21. Жануарды орналастыру, иесін іздеу, сондай-ақ жайғастыру мақсатында фотоға түсіру үшін уақытша ұстай оқшаулағышына еріктілер мен азаматтарға ашық және кедергісіз қол жеткізуі қамтамасыз етіледі.

22. Дені сау қаңғыбас жануарлар тиісті клиникалық жағдайда заарсыздандыруға және піштіруге жатады.

3-тaraу. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды жою тәртібі

23. Ұйымға қараусыз қалған немесе қаңғыбас жануарларды қайтару және (немесе) беру үшін жүгінген кезде иелері немесе өтініш беруші:

1) жеке куәлігі;

2) жануардың ветеринариялық паспортын және (немесе) иесі мен түскен фото суретін ұсынады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - Шымкент қаласы мәслихатының 14.09.2020 № 69/633-6с шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

24. Ауланғаннан кейін 3 күн өткеннен кейін, талап етілмеген емделмейтін ауруға шалдыққан қаңғыбас жануарлар Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған препараттармен, медикаментоздық ізгілікті жолмен жансыздандырылуға жатады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - Шымкент қаласы мәслихатының 27.09.2019 № 56/472-6с шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

25. Иттер мен мысықтардың өлігін жою биологиялық қалдықтарды қедеге жаратуға (өртеуге) арналған (инсенератор, крематор, өлекселерді өртейтін пеш және осы мақсат үшін қарастырылған басқа да қондырғылар) қондырғыларда жүзеге асырылады.

26. Қаңғыбас жануарлардың өлекселері (қалдықтары) жою үшін Ұйымдарға беріледі.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - Шымкент қаласы мәслихатының 14.09.2020 № 69/633-6с шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК